



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Коммуналдық тарифтердің өсуі аз қамтылған отбасылардың табысына әсер етпейді

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды.

сыз етіліп, орташа есеппен 10-нан 30%-ға дейін өседі. Энергетика министрі Ал-масадам Сәтқалиев ҚРМГ халықаралық аудиторлық компаниясы Қазақстанның 57 электр станциясының,



Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, қазақстандықтарды жылу, электр энергиясы, су және басқа да коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету үшін республиканың ТКШ инфрақұрылымы жаңартуды қажет етеді. Сондай-ақ бұл саладан жылдар бойы жалақысы өспеген білікті мамандар кетіп жатыр.

Осы проблемаларды шешу үшін «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы іске асырылып жатыр, оған сәйкес 2023-2029 жылдарға 62 мың км инженерлік желілерді жаңғырту үшін шамамен 3 трлн теңге инвестиция тарту көзделіп отыр. Есептеулерге сәйкес, бұл 2029 жылға қарай желілердің тозуын 20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Ұлттық экономика министрінің айтуынша, жаңа тарифтік саясатта тұтынушылардың мүдделері-әділ бағаға сапалы қызмет көрсету басты назарда.

Мәселен, 2023 жылы 5,8 мың км инженерлік желілерді жөндеу үшін шамамен 250 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр. Екінші тоқсанда Ұлттық экономика министрінің ТКШ кәсіпорындарының тарифтер мен инвестициялық бағдарламаларды өзгертуге (жөндеу жұмыстарын, қызметкерлердің жалақысын көбейту, қараусыз қалған желілерді қарау) 212 өтінімін бекітті. Нәтижесінде коммуналдық қызметтер тарифтерінің өзгеруі ұстамды болып отыр, тұтынушылар мен кәсіпорындар мүдделерінің балансы қамтама-

оның ішінде 37 жылу энергетикалық торабының техникалық аудитін аяқтағанын хабарлады. Зерттеу нәтижелері бойынша барлық станция жабдықтың техникалық жағдайына, пайдалану мерзіміне және т. б. байланысты арнайы санаттарға бөлінді.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша энергетикалық қазандықтардың 62%-ы және турбиналардың 58%-ы ескірген, сондықтан оларды ауыстыру қажет. Ауыстыруды қажет ететін қуат көлемі 2,5 мың МВт-ты құрайды. 1 маусымнан бастап Энергетика министрілігі берілген өтінімдерге сәйкес 47 энергия өндіруші ұйымның 27-сі үшін электр энергиясына шекті тарифтерді белгіледі, олардың тарифтерінің орташа өсуі шамамен 24%-ды құрайды.

Премьер-министрдің айтуынша, бұрын мемлекет инвестициялық бағдарламаларды және табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін түзете алмайтын еді. Енді оған мүмкіндік бар.

Оған қоса Үкімет басшысы тарифтердің өсуі аз қамтылған отбасылардың табысына әсер етпейтінін айтты.

«Жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасыларға коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін тұрғын үй көмегі берілуде. Ол коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстар отбасының ай сайынғы орташа жиынтық табысының 10%-нан асып кеткен жағдайда төленеді», деді Үкімет басшысы.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Төтенше жағдайлар министрі қабылдады

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановты қабылдады.

Президентке Төтенше жағдайлар министрлігінің атқарып жатқан жұмыстары мен жоспары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына министрлікте алдағы уақытта жүзеге асырылатын трансформация және қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Министрдің айтуынша, төтенше жағдайлардың са-

ны мен ауқымы ұлғайған жағдайда азаматтық қорғандың мемлекеттік жүйесін төтенше жағдайдың салдарын жоюдан бұрын оның алдын алуға бағдарлау көзделіп отыр.

Сонымен қатар Президентке құтқару бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын жарақтандыру және цифрландыру ісін нығайту, сондай-ақ құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің кадрлық әлеуетін арттыру, оларды әлеуметтік қорғау шараларын күшейту жөнінде ақпарат берілді.

Сырым Шәріпханов халықты алдын ала қорғауға қажетті жағдай жасау мақсатында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге айрықша мән беріліп отырғанын айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев министрлікке төтенше жағдайлардың санын азайту, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру жөнінде тапсырма берді.

## Президент LRT құрылысын тездетіп аяқтауды тапсырды

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес барысында айтты.

«Ірі қалада халықтың тұрмыс сапасына қоғамдық көлік пен жол кептелісі тікелей әсер етеді. Сондықтан, көлік инфрақұрылымын дамытудың айрықша мәні бар. Жуырда Алматыға жасаған сапарым барысында қоғамдық көлікті және электронды билет сату жүйесін басқару орталығының жұмысымен таныстым. Бұл саладағы цифрландыру ісі өзінің тиімділігі жоғары екенін көрсетіп отыр. Сондықтан елорда әкіміне Алматының оң тәжірибесін ескере отырып, қоғамдық көлікті диспетчерлік басқару жүйесін қолданысқа енгізуді және дамытуды тапсырамын», деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент LRT-ға қатысты жұмысты тездетіп аяқтауды тапсырды.

«Нақты мерзімдер айқындалды. Тұрғындарға уәде берілді. Енді осы жобаны дер кезінде аяқтау керек. Бұл жұмысқа біраз қаражат бөлінді. Бірақ, нақты нәтиже жоқ. Көлік мәселесін шешуді соза берсек, қала кептелістен көз ашпайды. Бұл үлкен дағдарыс тудыруы мүмкін. Сондықтан, мәселені оңтайлы шешу қажет. Әйтпесе, экономикалық шығынға тап боламыз. Адамдар уақыт жоғалтады, қалаға экологиялық зиян келеді.



Көлік саласындағы жағдайдың ушығуына көші-қон мәселесі де ықпал етіп отыр», деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар ел Президенті көші-қон үдерісін тиімді реттеп, пәрменді шаралар қабылдау керек екенін атап өтті.

«Жыл сайын Астанаға 50-60 мың адам келеді. Бұдан бөлек, күн сайын жақын маңдағы елді мекендерден 150 мың адам келіп кетеді. Мұның бәрі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға айтарлықтай салмақ түсіреді. Негізінен, көп адам қалаға жақын жерлерден жұмыс істеуге келеді. Сондықтан бұл саланы нақты реттеп, бақылау күшейтілуге тиіс», деді Президент.





## "БАЛТАБАЙ" ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА 26 АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Бүгінде ауданда шаруа қожалықтарды өркендету, оның ішіндегі етті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту күн тәртібінен түскен емес. Бұл жөнінде аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков, халықпен есептік кездесу барысында ауыл шаруашылығы дамытудың маңыздылығына тоқталып келеді.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекет тарапынан

жеңілдіктер қарастырылып, субсидия бөлінуде. Бірнеше шаруа қожалықтар жаңбырлатып суғару әдісіне көшті. Аудан басшысының тапсырмасына сәйкес, сала орынбасарлары мен тиісті бөлімдер ауыл округтер мен елді мекендерді аралап, субсидиялау, жеңілдетілген несие, грант алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ аудан мал шаруашылығына қолайлы

аймақтың бірі болғандықтан жылдан-жылға мал басының саны артып келеді.

Бүгінде жұмысын жандандырып отырған қожалықтың бірі Созақ ауылындағы "Балтабай" шаруа қожалығы. Қожалық 2005 жылы құрылған. 2018-2019 жылдары мал бордақылау алаңын салып, ет өндіру бағытына басым бағыт берген. Заман талабына сай соғылған жай 250 бас малды бордақылауға мүмкіндік береді. Арнайы мал сою алаңы, қора жай, мал азығын сақтайтын орын бар.

Шаруа қожалық төрағасы

Темур Балтабаев -Біздің шаруа қожалықтың басым бағыты—мал басын көбейтіп, ет өнімінің сапасын арттыру. Мұнда жылына 250-300 тоннаға жуық ет өнімін өндіреміз. Бүгінде шаруа қожалықта 26 адам жұмыспен қамтылуда,- дейді.

**Аудан әкімдігінің  
баспасөз қызметі.**

## Қазатомөнеркәсіп Түркістан облысында аффинаж өндірісін іске қосты



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ Түркістан облысында аффинаж өндірісін ұйымдастыру бойынша ірі инвестициялық жобаны сәтті іске асырды. Ұлттық атом компаниясының еншілес кәсіпорны «Қазатомөнеркәсіп-ZaUran» ЖШС қуаттылығы жылына 1600 тонна уран тотығын өндіретін аффинаждық цехты жаңғыртуды аяқтады.

Жоба аясында жабдықтар мен технологияны экстракциялық аффинаждан пероксидке

ауыстыру жүргізілді, ол қолдануға оңай және экономикалық жағынан тиімдірек. Өндірістік қуаттар өте жоғары сапалы және уранды өндіруге және алуға мүмкіндік береді. Жаңғырту нәтижесінде уранды қайта өңдеу кезінде өнім алу коэффициенті 98, 2 % -дан 100 %-ға дейін ұлғаяды, ал «Қазатомөнеркәсіп-ZaUran» ЖШС-тің аффинаж цехындағы жарақат алу қаупі органикалық химиялық реагенттерді процестен шығаруға байланысты төмендейді.

«Жобаны іске қосылуымен құттықтаймын. Кәсіпорынды жаңғырту кезінде өзіміздің замануи жоғары тиімді технологиялар мен әзірлемелер енгізілді. Аффинаж цехы 60-тан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Еңбек ұжымына өркендеу, қауіпсіз еңбек жағдайлары және барлық өндірістік жоспарлардың орындалуын тілеймін», -деп атап өтті Қазатомөнеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов. Жаңғырту бойынша барлық жұмыстарды Қазатомөнеркәсіптің сервистік кәсіпорындары жүргізеді: жобаны әзірлеуші «ЖТИ» ЖШС, ал бас мердігер-«Машзавод» ЖШС болады.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Маусым айында Шардара қаласында Панкратион (элит бөлімі) жасөспірімдер мен жастар, ерлер, әйелдер, ардагерлер арасында Түркістан облысының ашық турнирі болып өтті.

Аталған додаға еліміздің Алматы, Атырау, Шымкент, Қызылорда мен басқада өңірлерінен 21 команда қатысып, 300-ге жуық спортшылар кілмықтының ішінен кім мықтыны анықтады.

Аталған додада ауданымыздың аралас жекпе-жек спортшылары облысымыздың намысын қорғап, жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындардан көрінді.



Атап айтсақ, Қален Самат 92 келі салмақта, Аманғали Нұржігіт 54 келі салмақ дәрежесінде, Абдрахман Санжар 46 келі салмақта қола жүлдені иеленіп, ауданы-

мыздың мерейін үстем етті.

Сонымен қатар, ересектер арасында бірнеше салмақ дәрежесіне арнайы дайындалған белбеулер сарапқа салынды. Елеу Нұрбақыт 62 келі салмақ дәрежесі бойынша жеңіс тұғырынан көрініп, белбеудің иегері атанды.

Спортшылардың бапкері Мұхтар Қиясбаев аралас жауынгерлік жекпе-жектің дамуына зор үлес қосқаны үшін Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының алғыс хатымен марапатталды.

**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.**

## АУДАН БАСШЫСЫ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 29 ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жыл басынан бері тұрғындармен 29 жеке қабылдау өткізді. Азаматтар, негізінен жұмысқа орналасу, жер телімін алу, әлеуметтік мәселелер бойынша жүгінді. Қабылдау барысында бірқатары оң шешімін тапса, кейбір мәселелерге заң аясында шешу жол-



дары түсіндірілді.

Сондай-ақ аудандағы шағын елді мекендерді аралау барысында, жеке қабылдаулар өткізілді. Ауыл, кент округтер мен елді мекендердегі кездесу барысында тұрғындар сұранысына сай жобалар қолға алынып, жол жөндеу, көшелерді жарықтандыру, ауыз су сынды бірқатар мәселелер оң шешімін тауып, кезең-кезеңімен орындалып келеді.

Айта кетейік жалпы жыл басынан бері 29 жеке қабылдау өткізілді. Жеке қабылдауға келген 21 азаматтың мәселесі шешіліп, 33 азаматтың мәселесі бойынша жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда тұрғындар көтерген түрлі мәселелер мен олардың шешілуіне ықпал ету күн тәртібінен түспек емес. Халықтың сұранысы басты назарда.

## КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразовтың төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілістің күн тәртібіндегі жұмыспен қамту мәселесі мен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында жүріп жатқан мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы Түркістан облысы Еңбек мобильділігі орталығының Созақ ауданы бойынша Мансап орталығының директоры Елдос Орынбасарұлы, шомылу маусымындағы қауіпсіздік мәселелері мен дала өрттерінің алдын алу жөнінде аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Ақбаев баяндама жасады.

Сондай-ақ жылу беру мау-

сымына дайындық жұмыстары, тұрғындарды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету, саябақтар мен ойын алаңшаларының жай-күйі туралы аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Ербол Аманов хабарлады.

Аудан әкімінің орынбасары барлық ауыл, кент округтерге жеке дара тоқталып, ішкі жолдардың асфальттану кезеңі мен жарықтандыру жұмыстарын назарға алды. Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеп, орындалу барысын толықтай бақылауда ұстайтынын айтты.

## ТАУКЕНТ КЕНТІНДЕ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛУДА

Ағымдағы жылы Таукент кент округінде халықтың сұранысына орай тиісті жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда І. Кеңесбаев көшесі мен «Орталық» саябақтың жарықшамдары қалпына келтірілді. Сондай-ақ Жыныс ата көшесі мен кент ішіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына жарықтандыру жұмыстары толығымен жүргізілді.

Айта кетейік, аудан басшысының кент округ тұрғындарымен кездесуінде басым көпшілігі көше жарықшамдарын орнатып, санитарлық тазалық жұмыстарына баса көңіл бөлуі жөнінде ұсыныстарын жолдаған.

Кент округте ағымдағы жылы қосымша Мыңжылқы, Мәңгілік ел, Болашақ, Тұран, Қаратау, Қ.Сәтбаев, Е.Ерімбетов, Бәйтерек көшелеріне жарықшамдар орнатылып, бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жандана түспек. Сонымен қатар, демеушілер есебінен Геологтар, Бейбітшілік, Тәуелсіздік көшелері де қамтылып, Таукент кент округінде жалпы алғанда 11 көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі.

**Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.**



# ШУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР КЕРІМХАН ЕЛМҰРАТ ТЕМІРХАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



## Қадірлі жерлестер!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында, елдің болашағы үшін маңызды шешімдер қабылдап Жаңа Қазақстан құру жолында жаңа қадамдар жасалатындығы жөнінде баса айтты. Оның ішінде саяси жаңғыру мен оның басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!-деп жастарға рух беріп сенім артуда. Біздің елдің жастарының алдағы мақсат – Тәуелсіздігімізді тұғырлы,

мемлекетімізді ғұмырлы ету болуы тиіс.

Осы ұлы мақсатқа жету жолында ауылдық округ әкімдері аянбай еңбек етуі тиіс деп есептеймін.

Сонымен қатар, қазіргі жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару саласындағы реформалар жүріп, ауылдық округ әкімдерінің құзыреті кеңейтіліп жатқан кезең үлкен жауаптылықты қажет етеді. Сәйкесінше, осындай күрделі кезеңде іс басына креативті мемлекеттік менеджерлердің келуі – заңды құбылыс.

Сондықтан, Шу ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда жұмыстарымның негізгі бағыттары төмендегідей болады.

**Орнықты даму**

Ауылдық округ әкімі аппаратымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапалылығына жеке жауапты боламын;

Басқаруға берілетін мүліктердің сақталуын және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етемін;

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына заңмен белгіленген көздерден мүмкіндігінше молынан түсімдер түсіріп, оны жергілікті қоғамдастықтың талқысына сала отырып, аса қажетті халық игіліктеріне жұмсаймын;

Ауылдық округ тұрғындарының шаруа қожалықтарын ұйымдастыруына, кәсіпкерлік қызметін дамытуына жәрдемдесемін;

## Әлеуметтік жауапкершілік

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамнан тыс қалуын болдырмау мақсатында олардың арасында сауықтыру-спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды жылына кемінде 4 рет өткіземін;

Жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырамын;

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында аудандағы өндірістік кәсіпорындардан шешімді көмек қаражаттарын тарта отырып тұрмысы төмен отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетемін;

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына белсене атсалысамын;

Зираттарды тиісті қалпында күтіп ұстау мақсатында жылына кемінде 1 рет қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырамын.

## Тиімді инфрақұрылым

-Автомобиль жолдарының салынуы, жөнделуі және күтіп ұсталуы бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастырамын;

-Тұрғындардың таза ауыз сумен қамтамасыз етілуін қадағалаймын;

-«Көше спорты» дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорт алаңқайларын салуды ұйымдастырамын.

-Ауыл ішін электр жарығымен қамтамасыз ету жағдайын зерттеп, ауыл көшелерінің толықтай жарықшамдар орнатуға күш саламын.

## Қоғамдық келісім

Ауылдық округтегі ішкі саяси, діни тұрақтылықты қамтамасыз етуді одан әрі жалғастырамын;

Жергілікті қоғамдастық институтының дамуына күш саламын, ауылдық округ тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуына, жергілікті маңызы бар мәселелердің демократия принциптеріне сай шешілуіне жағдай жасаймын;

Жастар арасындағы өзекті мәселелерді талдап отырамын және олардың бос уақыттарын ұтымды пайдалануын ұйымдастырамын;

Жастардың мерзімді және келісім-шарт бойынша әскерге баруына ықпал етемін және әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырамын;

Ауылдық округ әкімінің веб-сайтын ашып, тұрғындардың әкімнің және оның аппаратының жұмысы туралы ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етемін.

## Қадірменді ағайын!

Менің мығымас ұстанымым - «ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ». Сіздердің маған қолдау көрсететіндеріңізге, алдағы сайлауда дауыс беретіндеріңізге сенемін!



## Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті

Созақ аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында Қыземшек кенті, Тасты, Шу әкімдерінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалды, және «Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысы Ж.Е.Мұқымбеков атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарлама жасап алдағы жоспарларымен бөлісті.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан Созақ ауданы бойынша ауыл аймақтардағы ұялы байланыстың нашарлығы айтылды. Өз тарапына қойылған біршама сұрақтарға Ж.Мұқымбеков тиісінше жауап беріп байланысты жақсарту мақсатында біршама қиындықтар бар екендігін алға тарта отырып, алдағы уақытта аталған мәселелер өз деңгейінде шешімін табатындығын жеткізді.

Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қарар қабылдап. Ауыл округ, кент әкімдеріне және «Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан айтылған ұсыныс пікірлермен алдағы уақытта жұмыс жасауды ұсынды.

Атап өтетіні ағымдағы жылдың сәуір айында Қоғамдық кеңес мүшелері жұмыс жоспарына сәйкес Шу, Тасты, ауылдық округ халқымен қоғамдық қабылдаулар өткізген болатын. Қоғамдық қабылдауларда ауыл тұрғындарынан біршама ұсыныстар мен пікірлер айтылған өз кезегінде аталған мәселелерді Қоғамдық кеңес мүшелері Шу,Тасты ауылдық округ әкімдеріне қойды. Шу, Тасты ауылдық округ әкімдері ал-

дағы уақытта осы бағыттарда жұмыстар атқаратындығын жеткізді. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысы Ж.Е.Мұқымбеков атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарлама жасап алдағы жоспарларымен бөлісті.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан Созақ ауданы бойынша ауыл аймақтардағы ұялы байланыстың нашарлығы айтылды. Өз тарапына қойылған біршама сұрақтарға Ж.Мұқымбеков тиісінше жауап беріп байланысты жақсарту мақсатында біршама қиындықтар бар екендігін алға тарта отырып, алдағы уақытта аталған мәселелер өз деңгейінде шешімін табатындығын жеткізді.

Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қарар қабылдап. Ауыл округ, кент әкімдеріне және «Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан айтылған ұсыныс пікірлермен алдағы уақытта жұмыс жасауды ұсынды.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Хабарландыру

### Аудан тұрғындарының назарына!!

Конго Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына кенеге қарсы 2-кезеңдегі залалсыздандыру (дезинсекция) жұмыстары шілде айынан басталатынын ескерте отырып, залалсыздандыру жұмыстары сапалы жүргізу мақсатында, үй іргелік қора жай және оған жапсарлас аумақтарды механикалық тазарту (көң, қилардан тазартып, әктеу, сырлау, астаулардың астын тазалау) жұмыстарын жасауларыңызды сұрауымыз.

Ескерту: Тазаланбаған үй іргелік қора жайларға кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілмейді. Ірі қара малдарды (мүйізді ірі қара, жылқы, түйе) бүрку, майда малды тоғыту және үй іргелік қора жайларды және оған жапсарлас аумақтарды залалсыздандыру жұмыстары «тегін» жүргізілетінін ескертеміз.

## Кенеден сақтанайық!

Кенелер аса қауіпті жұқпалардың тасымалдаушылары болып, кене энцефалиті, көкала тәрізді қауіпті аурулардың қоздырғыштарын тасымалдайды. Кене энцефалитінің ең көп жерлері Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында кездеседі. Олар ауа-райы қолайлы өлкелерде өсіп-өнеді және сондай жердің тұрғындарына қауіп туғызады. Негізінен кенелердің қауіп төндіру кезеңдері жыл мезгілінің көктем айларынан бастап күздің алғашқы айларына дейін ұлғаяды. Кенелік энцефалит – орталық жүйке жүйесінің жедел вирусты ауруы, эндемиялық табиғи ошақтарда трансмиссивті (кененің шағуы) немесе алиментарлы жолмен (инфекцияланған сүт) арқылы жұғады. Кенелер адамдар мен жануарларға қан сору мақсатында ғана шабуылдайды, сондықтан оларды дер кезінде табу

және теріден дұрыс тұмсығымен қоса алып тастау адам денсаулығы мен өмірі үшін маңызды болып табылады. Конго-Қырым қанды қызбасының алдын-алу мақсатында, Түркістан облысы аумағындағы аудан, қала, ауыл округтерге жергілікті аудан, қаладағы «Ветеринарлық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мамандарымен ауыл шаруашылығы жануарларына және мал қораларына кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары 2-кезеңде жүргізіледі. Кенені жою үшін қораға жасайтын залалсыздандыру (дезинсекция) жүргізу алдын қора жайларды механикалық тазалаудан өткізу керек. Сондықтан Қора-жайларыңызды тазалап, ауылшаруашылығы жануарларына кенеге қарсы бүрку, тоғыту, қора-жайларды залалсыздандырудан қалдырмаңыздар.

**ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.**



Балалық шақтың бауына ендім. Қазыналы қарт Қаратау сырын бермей, тау тұлғасын аспанға беріп, етпеттей созыла жатып күрсінгендей. Апам екеуміз кеше кешке Шаймерден шалдың қара есегін сұрап әкеліп өзіміз жататын сәкінің аяқ жағына байлап қойғанбыз. Таң алакеуім жол жүргелі жатырмыз. Ұйқы да келер емес. Оған да бір себеп бар шығар. Әйтпесе бүгінгі менің шапқыласыммен есептесек жастыққа басым тисе манаурап маң ұйқының құшағында жатуым керек еді. Апам күндікке табаға нан пісірді, есіктің алдындағы қорашаға кіріп шомылып алды, сиреп қалған ақ күміс шашын тарап, сарытап болған самаурынның сөксеуілмен қайнаған шайына қара ешкінің қою сүтін қатық етіп сарқылғанша ішті. Соның бәрінде әлденені күбірлеп айтумен жүрді. Айтумен ішті. Есім кірген шақтан бастап апамнан ұдайы әкемді сұраймын. Әкем туралы апам айтқан әңгімелер мені қанаттандыра



сым мен әнші Жеңіс Қарғабаевты танымайтын едім. Егер келіп тіркеліп жатса маған ақырын белгі бере салшы мен осында тұрамын дедім. Содан қаққан қазықтай әлгі тіркеуші қыз тұрған тұсқа жақын тұрдым. Артынша есіктен бойы ортадан жоғары, өңі сарылау келген бір жігіт ағасы кіріп келе жатыр. Тіркелу үшін тура әлгі «Жетісай ауданы» деген тұстағы мен «келіскен» қызға барды.

Не керек мен іздеген Жеңіс Қарғабаев осы кісі болып шықты. Тіркеліп болып айна алдына барып киімдерін түзеп, шашын тарап оңаша шыға берген уақытта қасына жетіп бардым.

-Аға, ассалаумағалейкум, өзіңіз Жеңіс деген деген атақты әнші екенсіз? Сонда ел аралап, серілік жасап жүріп біз сияқты балаларыңызды қалдырып кете бересіз бе?-деп қалтамнан «Қарғабаев Мақсат Жеңісұлы» деп жазылған жеке куәлігімді шығарып қолына

Қанша дегенмен әкесі бар бала мен әкесі жоқ баланың арасында көзге көрінбейтін ұлы күш болатын. Осыны әкемнің ағасы Көшербай көкем сезетін. Сезгеннен болар мотоцикліне мінгізсе алдына мінгізетін, ат пен есек тұрса атқа мінгізетін, бір жылы сөз айтса, ол жылы сөзін маған айтатын. Өз баласынан бұрын маған жылы ықыласын төгетін. Менің сөзімді сөйлейтін. Бірақ бала болсам да мені аяп тұрғанын іштей сеземін... Менің әкемнің жоқ екендігі осындай болмашы механизмдерден көрініп тұрды.

Мен әке әлемі мен бала әлемінің арасындағы байланысты іздеймін. Бала күнім ғой. Апам сол Қарағұрдағы біз тұратын үйдің бір бөлмесін «Жеңістің бөлмесі» дейтін. Мүмкін әкем мен анамның бөлмесі шығар. Сол бөлменің ортасында еденнің ағашы сынып ойық пайда болыпты. Оның бетіне фанер қағып тастаған. Соны көріп мен «Әкем маған арнап-хат жазып қалдырып кеткен шығар»

## ӨМІРІМЕ САҒЫНЫШ СЫЙЛАҒАН

түсетін. Өйткені, апам «әкең Алматыда оқу оқып жатыр. Білім деген үлкен оқуды меңгеріп келмекші» деп менен әлденені жасырып жаулығының ұшымен ұрлана көзін сұртетін. Ол уақыттың үлкен кісілерінің әдеті «Кімнің баласысың?» дейтін. «Жеңістің баласымын» деймін. Сонда әлгі кісі «Е, әкең жақсы азамат еді ғой» дейтін. Ол сөзге масаттанып марқайып қалсам да «еді ғой» деген сөзге бала көңілмен күдіктеніп қалатымын. Не болмаса екінші бір кісі «Еніңнен танып тұрмын, сен Жеңістің баласымың?» десе де ол сөз мені зор қуанышқа жетелейтін. Әкеге деген сағыныш кеудемді көрнеп, сол сағыныш деген маған жымбақ ұлы өлкені көрсем дейтінмін. Жаздың таңғы салқын ауасымен апам екеуміз жолға шығамыз. Бет алысымыз Қызылбұлақ. Қызылбұлақ-Шағаның жоғарғы жағындағы көкөрайлы сазды алап. Апамның арқасынан мықтап жабыса ұстап келемін. Астында көк түсті көрпеше, күнделікті ойын мен тоған суынан әбден топырақтанған ақ шаққан аяғыммен тепеңдеп қоямын. Түске жетпей диттеген жерімізге де жеттік. Алдымызда қатарлай тізілген молалар. Ол уақытта біздің түсінімізде, тілімізде зират деген термин жоқ. Сап түзеген жауынгерлердей қатарлай тізілген молалардың бірінші қатарында, тура ортан белінде әкемнің бейіті. Күміс түсті бояумен боялған, төрт бұрышынан тартылған темірлер көкке шаншылып ай белгіні көкке көтеріп тұр. «Жеңіс Қарғабаев 09.05.1945-24.05.1973 Мектеп ұжымы мен балаларынан» деп жазу жазылған гранит тас қос аяқты темір қоратпа тұр.

Бағана «Балам әйел адам молаға бармайды» деген апам Қызылбұлақтың жағасында қараңдайды. Қара есек бір сәт бостандық алғандай аяқтарын кезек-кезек көтеріп шыбындап жайылып жүр. Мен үшін әке ұғымы биіктік пен батылдық, турашылдық пен пайымдылық. Басын көтере жығылатын адами қасиеттердің жиынтығы деп білемін. Кез келген кекілі желмен желбіреген жеткіншек, яки болмаса жас өрен қашанда әкелерімен мақтануға бейім. Ал ол әке біреуде бар жа, біреуде жоқ.

Сағынышпен есейдік. Сағынышпен ақ желкен армандарға асықтық. Адам баласы өмірге келген күннен бастап-ақ төрт құбыласы түгел болып, ойлағаны орындала бермейтінін ойын баласы қайдан білсін. Көк шыбықты ат қылып үй айнала шауып жүрген біздерге қарап апам «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деп күбірлеп қоятын. Бұл мақал мен үшін құлақтetti болған мақал. Расын-

да кейде әкемнің артында ұлдары мен қызы қалғанына құдайға шүкіршілік етіп отыратын.

Мұхтар Әуезов, Тахауи Ахтанов, Бердібек Соқпақбаев, Сафуан Шаймерденов, Баққожа Мұқай, Шерхан Мұртаза, Тынымбай Нұрмағанбетов шығармаларын бесінші кластан бастап өзімізге жақын тартып оқи бастадық. Мен үшін газет-журналға жазылған үйлер бақытты үйлер еді. Пошта жағалап артылған газеттерді жинап әкеліп оқимын. «Қазақстан пионері» газетін бір демде оқып тастаймын. Мен барынша апам айта беретін әкеме ұқсағым келетін. Өмір шіркін осылай өте берді.

1995 жыл болса керек Шымкент

ұстата бердім. Жеке куәліктегі менің аты-жөніме көзі түскен сәтте түрі өзгеріп ыңғайсызданып қалды.

Аз-кем уақытта есін қайта жиып: -Қарағым, сен Созақтағы Жеңіс Қарғабаевтың ұлымысың?-деп айқара құшағын ашып, бауырына басып құшақтай жөнелгенде бүкіл денеме өзгеше жан біткендей, тұла бойыма электр тоғы жүгіріп өткендей болды. Мен сонда тұңғыш рет әке құшағы деген сағынышты ұғынғандай болдым...

Менің бала өмірімде көптеген армандарым болды. Көптеген мақсаттарым болды. Соның ішіндегі әкемді тірідей бір көрсем деген бала арма-

диген бала қиялмен әлгі жерді балтамен ұрғылап жүріп ашқаным бар. Алайда менің қолыма жаңа костюмдерде болатын бір түйір түйме мен матаның бір жапырақ қиындысы түсті. Басқа ештеңе ілікпеді. Өмір!

Мен осы өмірімде әкеммен өмір сүрдім. Әкеммен мақтандым. Жолда, тойда, шараларда қасыма серік болған немесе кездейсоқ кісілерден жасын сұрайтынмын. Ол кісілердің арасынан жасы әкеммен қарайлас кісілер жолықса іштей «Е, әкем тірі болса жасы осы кісі шамалас болады екен ғой» деп ойлаймын. Өйткені әкемнің тұр тұлғасы тек сол суретіндегідей 28 жасымен есімде қалды. Әлі де қала береді.

Жиын тойларда әкемнің шәкірттерін де жолықтырып жатамын. Арнайы мектеп бітіргендеріне түгел жыл болды деп әке орнына құрметтеп шақырып та жатады. Ондай кездерде де әкемнің мерейінің асқақ екенін ұғынып сол атқа лайықты болуым керек екенін іштей ұғынып өзіме үлкен жауапкершілік жүгін арқалап қайтамын. Әкем өмірінің соңғы жылдары Қарағұрдағы мектепте қызмет етті. Мен сол мектепте білім алдым. Мұғалімдік қызметінің алғашқы еңбек жолын Сызғандағы Ғани мектебінен бастады. Мен де сол ауылға қарасты Қайнар ауылында алғаш еңбек жолымды бастадым. Демек, әкем ылғи менің жанымда жүр. Қасымда желпеп-жебеушім болып жүргенін іштей рухани сеземін. Оның үстіне өлең деген ұлы құдірет онсызда әкем екеуімізге ортақ.

Алматыда аяғым үш жерден сынып жатқанда қатты қиналдым. Жатақхананың сүреңсіз бөлмесі. Студенттік поликлиникаға барсам тергеп тексеріп мазамды алады. Сол себепті де жатақханада болғанымды қаладым. Қасымдағы досым Қалмомын түн баласы ұйықтап қалады. Сонда әкем түнімен бос кереуетте отыратын. Мен ол кісіге сөйлемеймін. Ол кісі маған сөйлемейді. Таң атқанда жоқ болып кетеді. Жарықтың жаныма рух беріп кетеді екен ғой.

Ардақты да аяулы әке жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннаттық болсын. Сенің атыңда аудан орталығында көше бар. Қарақұр мен Ғанида бір-бір ағылшын кабинеттері бар. «Ақиық» пен «Шынар» атты екі кітабың бар. Аяулы жарың мен ұл-қыздарың, немере, шөберелерің бар. Бірнеше сазгерлер өлеңдеріңе ән жазды. Есіміңді ардақ тұтатын халқың бар. Сол себепті де сіз мәңгі тірісіз әке!.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



қаласында сол уақыттағы облыстың әкімі Халық Абдуллаев облыс көлеміндегі шығармашылық өкілдері саналатын қауымды жиды. Мен ол уақытта аудан әкімі аппаратында қызметкермін. Дәлірек айтқанда облысқа баратын делегация мүшелерінің ішіндегі ең жас шығармашылық өкілімін.

Заманның қиын кезі. Шымкент қаласындағы Жұмат Шанин атындағы облыстық драма театрының іші лықа толы көпшілік. Әр жерде бір-бір үстел қойып, бір-бір жас қыздар жан жақтан келушілерді тіркеуге алып жатыр. Төбелерінде аудандардың аттары жазылған. Және келетін делегация мүшелерінің, нақтырақ айтсақ ақын-жазушылардың аттары жазылып ілінген. Аталмыш шараның басталуына әлі біршама уақыт бар болған соң, әрі іш пысып әр ауданнан келетін кісілердің аты-жөндеріне көз салып оқып жүрмін. «Жетісай ауданы» деген тізімде үшінші болып «әнші Жеңіс Қарғабаев» деген кісі есімі кезіме оттай басылды. Келушілерді тіркеуші қызға: «Қарында-

ным орындалмады. Ал әкеге деген сағынышым өлшеусіз. Бір-ақ та құдайға шүкір! Ардақ тұтар анамыздың барына! Бүгінде өзіміз ұлға әке, немереге ата болып отырмыз. Солардың шуақты күлкісіне молығып, солардың тілеуін тілеп отырамыз. Бір-ақ та әлі біз әке-ана үшін баламыз. Халқымызда «Әке асқар тау, ана баурайындағы бұлақ, бала жағасындағы құрақ» деп босқа айтылмаса керек. Ойын баласы шағымызда әлденеге шексіз қалғанда әлемдегі панасыз жанның бірі өзің болғандай, өксігіңді оңашаға сақтап, егіле жылап алған сәттер де болды. Ол бір жеген таяқтың ащы тұздығы, не болмаса ащы ауыр зардабы емес, әкеге деген ұлы сағыныштың ащы сызы болатын. Мүмкін бүгінгі осы шығармашылық өнерге ат басын бұруыма әке қанынан бөлек сағыныштың да үлесі бардай болып көрінеді маған. Қарағұр мен Шағаның арасындағы жатқан бұралаңы мол қара жол мен үшін сағыныштың жолы болатын.



# ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

*Менің әкем Сегізбайұлы Сағындық 1899 жылы қазіргі Созақ ауданы Шотан деген жерде дүниеге келген екен. Бір жасында әкеден жетім қалып, алты жасынан бастап мал бағыпты. Жоқшылықты көріп, елде дүрбелең орнаған уақыттарда тағдырдың айдауымен даланы да, қаланы да кезіп, өмірге кірпіш болып қаланып, өз орнын алу үшін жанталасып, небір қилы кезеңдерді бастан кешірген де. Тәңірдің жазуымен «орнында бар оңалар» дегендей, ел қатарлы еңбек етіп, азды-көпті құрметке де ие болған екен. Өз кезінде ел игілі жолында еткен еңбегі үшін Қызыл Ту ордені, Ленин ордені мен басқа да марапаттарымен марапатталып, бес рет Облыстық кеңестің депутаты болып сайланыпты.*

*Әрине, әке есімі, әке жолы – әр перзент үшін зор мақтаныш, үлкен мәртебе! Десе де, әкем айтқан әңгімелер бір адамның өмір жолы ғана емес, сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігінен, қиыншылығы мен қуанышынан хабар берер деген оймен есімде қалғандарын өз атынан жазып отырмын.*

## Қасқыр қамаған түн

Он төрт-он бес жас шамасындағы жас кезім. Шілде айы. Бір күні таңертең ағамыз Шойынбай молда үй сыртынан: «Әй, Сағындық, тұр, тез киін де маған кел, саған тапсыратын бір күрделі жұмыс бар», – деп дауыстап, аяңдап басқан аяқ сықыры үй іргесінен алыстай берді. Ағалардың айтқанын екі етпейтін кездер ғой, апыл-ғұпыл киіндім. Киім дегеніміз болмаса, бір бөзден тігілген сұр көйлек пен шалбар, кебісімді киіп, жеңіл шапанымды жамылып, бөркімді қолыма ұстап далаға шықтым. Күн енді-енді көтеріліп келеді екен. Алқа-қотан орналасқан бес-алты үй шаңырағы күннің сәулесінен алқызыл болып көрінеді. Ол кезде ең алдыңғы қатарлы, бақуатты кісілерде ғана болатын молдекеңнің он екі қанатты қоңыр үйі оқшаулау қырдың үстіне тігілген. Қотанастың күншығыс жағында орналасқан шағын ауылдың малдары маңырап, анда-санда «ауп» деген иттің дауысы ғана меніреу даланың тынышын кетіргендігі болмаса, айнала жым-жырт. Оңашалау шетте тұрған молдекеннің үйіне қарай беттеп келе жатыр едім, ақ көйлек пен ауы тізесіне түскен ақ дамбал киген, шапанын иығына желбегей жамыла салып қырдан төмен түсіп келе жатқан молдекеңді көзім шалды. Алдынан шығып: «Ассалаумағалейкум, аға!», – деп сәлем беріп, қолымды ұсындым. «Әлейкумассалам, қарағым, Алла қуат берсін! Жақсы демалдың ба?» – деп қолымды қысқан күйі жіберместен қатарласып келдім.

– Қарағым, Сағындық, – деді молдекең, сәл үнсіздіктен кейін. – Сенің Созақ шаһарына барып қайтуыңа тура келіп тұр. Созақтағы мешіттің имамына хат беремін, соны апарып, өз қолыңмен тапсырып қайт. Өзіңнің қарагеріңді мінесін бе, әлде анау көкбестіні аласың ба өзің біл, бірақ мүмкіндігінше тез барып қайт. Мен сені күтемін, жолың жеңіл болсын! Құдай жар болсын, әумин! – деп үйіне қарай аяңдап кете барды.

Ұрынарға қара таппай жұлынып жүрген бала кез ғой бұл. Жүгіріп жатқан анама: «Апа, маған жолға азық дайындап беріңізші», – деп өтіндім де өзім қарагерді жолға дайындауға шығып кеттім. Сонымен керек-жарағымды дайындап, атыма

мініп, үйге таянғаным сол еді, анам ішіне салынған түйіншегі бар атдорбаны қолыма ұстата берді. Шіркін, сол заманның аналары-ай! «Қайда барасың, неге барасың, кім үшін барасың?» деген сұрақ та, таңғалыс та жоқ! Кейіннен білдім ғой ұйықтап жатса да, тірлік істеп жүрсе де, жалғызының нендей жұмыспен, қайда жортып жүргенін байғұс анам сезіп те, біліп те жүреді екен. Сол кездегі небір қиын кезеңдерге шыдас беріп, жесір атанып, қара жамылып, азалы болып жүрсе де, сынын бермей, сыр білдірмей жүретін қайран асыл анам-ай!

Хош, сонымен атқа қонып, «қайда-сың, Созақ?» деп тартып кеттім. Шу өзеніне ертерек жетіп алайын деген оймен бірде желіп, бірде жай шабысқа салып, белгілі соқпақ жолмен жортып келемін. Шу өзенінен өтетін өткел болатын. «Өткел» деп отырғаным арнаның жайылған саяз жері, оны әрі «суат» дейтінбіз. Осы өткелге жеткен кезімде күн сәске түс болды. Ені он құлаштай болатын өткелден ат үстінен түспей-ақ өттім. Ол кезде судың тоқтаған, яғни жайылған су өзен арнасына түсіп, саябырсаған кезі еді. Өйтпегенде ол жерлер атан түйе бойламайтын терең болатын. Судан аман-есен өтіп, оразамды ашып алайын деген оймен тегістеу жерге жайғасып, дорбамды алып, аттың жылбырын жаңғылдың түбіне байлап, тамақтауға кірістім. Асым – бір торсық шалап, екі бөлек қатырма нан, бір жапырақ түннен қалған сүр ет, он шақты құрт екен. Оразамды ашып, сәл демалған соң, атыма мініп, көмескі жалғыз аяқ соқпаққа түсіп жортып келемін. Кенет атым жантая құлады. Сырт еткен дыбысты құлағым шалып қалды. Атпен бірге мен де жерге құладым. Орнымнан атып тұрып, атымды ноқтасынан тартып тұрғызып жатыр едім, жануар екі-үш ұмтылып орнынан әрең тұрды, сонда байқадым: бір інге аяғы кіріп кептеліп, жіліншігі шорт сыныпты. Жануар сынған аяғын көтеріп пыр-пыр етеді. Аяғы шорт сынған, құр терісіне ілініп, салбырап тұр. Ойпыр-ай, жылқы баласы туралы талай аңыздар естіп едім, мынадай жағдайды өз көзіммен көрдім. Маңдайынан сипап, «жануарым-ау, саған не болды?» деп көзіне көзім түсіп кетіп еді, ой, Алла-ай, көзі мөлт-мөлт етіп жасқа толып, мұңлы көзімен маған қарап осықырып-осқырып қояды, тура маған бір сөз айтқысы келіп тұрған сияқты. Ағаларымыз жылқы малы ақылды деуші еді, соған дәл қазір менің де көзім жеткендей. Енді не істеу керек? Айдала, маңайда жазда жайлауға көшіп-қонып жүретін жұрт арқаға жаппай көшіп кеткен кез болатын. Аттың ер-тоқымын, жүгенін сыпырып алдым да, бір жаңғылдың түбіне жасырып тастадым, жылқыны бос жібердім. «Қош, жануар!» деп жаяу жүріп кеттім. Жануар-ай, кісінеп артымнан әудем жерге дейін үш аяғымен секеңдеп келді де мен артыма қарамай жылдамдатып кете берген соң, қалып қойды. Ішімде бір өкініш пен өксік лықсып келеді, жылағым да келді, көңілім алай-дүлей болып жүріп келем.

Құмның шетіне келіп іліккенімде күнде батуға найза бойы қалған екен. Айналам қызғыштанып, біртүрлі қанға боялып келе жатқандай. Кенет сексеуілдің тасасынан қараңдаған бір-екі қасқырдың сұлбасын байқап қалдым, бойым мұздап сала берді. Айдалада, құмның ішінде кезіккен жыртқыштың қандай қорқынышты екенін айтып жеткізу қиын. Қашып құтылайын деп, біраз жүгіріп-ақ едім, бірақ өзіммен қатарласа жүгірген қасқырлардан ұзай алмадым. Айналамды түгел шолып



шыққанда байқағаным: қасқыр біреуеу емес, одан да көп екен. Менен сескенер емес, бір-біріне асылып ойнап, маған қарап-қарап қояды.

Шіркін, шыбын жан тәтті ғой, мұндайда адамға небір ойлар келеді екен. Сәл өз-өзіме келгендей болып, үлкен бір сексеуілдің жанына келіп тоқтадым. Алдымен сексеуілдің бір үлкен бұтағын сындырып шоқпар таяқ жасап, пышағыммен майда бұтақтарын кесіп, қолыма ыңғайлы етіп тегістеп жонып отырмын, жан-жағыма барлап қарап қоямын. Сосын сексеуілдің бұтақтарын сындырып, құшақ-құшақ етіп арасына тығыздап жинап бастадым. Сөйтіп, өзім ортасына отыратын орын жасап, екі жаным мен арқа жағымды сексеуілмен жақсылап тығыздап торлап, бақша сияқты қоршау жасадым.

Күн де қызарып батып келеді. Енді жағатын отын жинап, оны тұтатып, от жаққан уақытта аспан да түнеріп, түнге айналды. «Ия, жасаған жаратушымы, өзің жара бола ғер!» деп Аллаға жалынып, өзім дайындаған орынға жайғасып, отты лаулатып кеп жақтым. Бір үйір қасқыр-ау шамасы, көздері жарқ-жұрқ етіп ары-бері жүрген сұлбаларын байқап отырмын. Бір кезде ұлыған қасқырдың дауысымен бірге менің үстіме топырақ жауды, нәлетілер кеткен ақылды десей, жиырма-отыз қадам жерден артқы аяғымен жер тырнап шашқан топырағы тура тас сияқты бірде маған, бірде жанып жатқан оттың үстіне түседі. Сонда ана отты өшіру ойларында бар-ау деймін. Уақыт өткен сайын маған жақындай түседі. Бір кезде қасқырлардың жон арқасын, кейде арсиган тістерін де көретін қашықтыққа таянып қалғанда бір шала жанған томарды алып, қарайып тұрған қасқырларға қарай лақтырып жібердім. Дүкіреп қашқан дыбыстарын естіп тұрмын. Бір сәт үнсіз тыныштық орнады. Әлден соң тағы да сылаңдаған сұлбалары мен жалт-жұлт еткен көздерін көремін, тағы да шала жанған томаршаның біреуін лақтырамын, олар тағы да дүркірей қаша жөнеледі. Осылайша қанша уақыт өткенін білмеймін көзім ілініп кетті. «Ұйқы – дұшпан» деген осы-ау. Өлім аузында тұрсаң да, ұйқы деген жеңеді екен. Бір кезде «Ей, тұр!» деп біреу жағамнан тартып қалды. Селт етіп, көзімді ашсам, дәл алдымда екі көзі оттай жарқыраған, азу тістері мен қоса алдыңғы ерні жиырылып маңдайына кетіп қалардай ырылдап, атылуға дайын тұрған қасқырды көріп, бір

сәт абдырап қалдым. Төбе құйқам шымырлап, айқай салдым да алдымдағы томаршаның біреуін алып, қасқырға қарай лақтырып жібердім. Тапырлап қашқан қасқырлар жаппай ұлып, у-шу болып, даланы күңіретіп жіберді. Қайтадан топырақ шаша бастады. Көмескіленіп сөнуге шақ қалған отымды қайтадан маздатып жақтым. Ұйқым шайдай ашылса керек, жаңағы қасқырдың жанған көздері мен апандай аузы көз алдыма елестеп, денем түршігіп кетті. Ұйқы деген безіп кетті, денемнің дірілі басылар емес, кездігімді қолыма алып, бағанағы жасаған шоқпарымды жаныма қойып, «өліспей беріспеймін» деп, өзімді-өзім қайрап қоямын. Қасқырлар ұлып, анда-санда топырақ шашып қояды, бірақ бағанағыдай айбат жоқ.

Сәлден соң таң да бозарып ата бастады. Мені қоршаған қасқырлар да сирей бастады. Сонда да от жағуымды тоқтатпадым. Күннің көзі көріне бастаған шақта орнымнан тұрайын десем, тұра алмаймын, орнымнан қозғалсам, қасқырлар жеп қоятын сияқты, отырған орным – менің үйім, қорғаным сияқты. Бұралаңдап жүріп орнымнан тұрдым да, шоқпарымды алдым. Атдорбамды иығыма асып, енді орнымнан қозғалып жүрейін десем, аяғым баспайды. Кәлимаға тілімді келтіріп, Аллаға жалынып-жалбарынып, «тәуекел» деп, пана болған орнымнан әрең дегенде алға жылжып, жайлап жүре бастадым. Қасқырлар түндегідей үйірімен тұрған жоқ, біреуі ана шеттен, біреуі мына шеттен жылт етіп көрініп, сексеуілді тасалап менімен қатарласып жүріп келеді. Жан-жағыма қарап, жалғыз аяқ соқпақ жолмен мен де жүріп келем. Қасқырлар мені торуылдап, 40-50 қадамдай жерде қатарласып келеді. Бірде озып, бірде қалып қойып, жоқ болады.

Күн сәске түс болды. Құмнан асып, қалың сексеуілге келіп кірдім, бұл қорқынышымды күшейтті. Жігі орналасқан үйдегі сексеуілдің арасынан кез келген жерден қасқыр шығып бас салатындай көрінеді. Бір кезде үлкен жолға шықтым, меніңше, керуен, не көшіп-қонған елдің жолы болса керек. Бұл жерді көпшілік «Тектұрмас» деп атап кеткенін білетінмін. Жол шағын-шағын бір-біріне жанын орналасқан төбелердің арасын жарып өтеді екен. Сексеуіл сиреп, кезекті бір қырга шыққаным сол, о, тоба, қарсы алдымда он-он бес қадам жерде, екі қасқыр бір-бірінің аузын жалап ойнап тұрған сияқты. «Е, мыналар мені жеуге бел бұған екен ғой!» деп, дорбамды шоқпарымның басына іліп алдым да, жауға аттанғандай айқайлап шоқпарымды басымнан айналдыра сілтеп, қасқырларға қарсы тура жүгірдім. Екі қасқыр аңтарылып маған қарады да, екеуі екі жаққа қарай тұра қашты. Мен сол бойы екеуінің ортасын жарып өтіп, әудім жерге барып тоқтадым. Жан-жағыма қарасам, әр жерде шоқшиып отырған бес-алты қасқырды байқадым. «Жасаған жар болады, енді тәуекел» деп, алға жүріп келемін. Бір кезде қасқырлар ізім-ғайым жоқ болып кетті. Аң-таңмын, «қайда кетті екен бұлар, әлде бір бүйірден тап берейін деп жүр ме?» деген жаман ой келді басыма. Алдыма көз салып едім, екі аттылы кісіні көзім шалды, едәуір жерде келеді екен. Қуанғанымнан соларға қарай жүгіре басып келемін.

**Абсамат СЕГІЗБАЕВ,**  
зейнеткер ұстаз,  
Қыземшек ауылы.  
(Жалғасы бар).



## Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созакскому району

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 04 сентября 2023 года, 10-00 часов село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 14 августа 2023 года до 01 сентября 2023 года (заканчивается 01.09.2023 год 18-00 часов) село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалификация специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 04.09.2023 года до 10-00 часов». (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 04.09.2023 года.

## СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2023 жылы 04 қыркүйек сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2023 жылдың 14 тамызынан – 01 қыркүйегіне дейін (01.09.2023 жыл сағ. 18.00 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №40 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасының сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурсның ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтар, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурсның ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосыл жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 04.09.2023 жылғы сағ 1000- ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бастартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 04.09.2023 жыл.

## Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	Суармалы егістік	5,8	Шолақорған	Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң	17,0	егін шаруашылығы	49
2	Жайылым	2000	Тасты	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	6,0	мал шаруашылығы	49
3	Жайылым	500	Тасты	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
4	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
5	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
6	Жайылым	500	Шу	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
7	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты	6,0	мал шаруашылығы	49
8	Жайылым	750	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
9	Жайылым	418	Созақ	Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм	7,0	мал шаруашылығы	49
10	Жайылым	1244	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	49
11	Жайылым	1376	Созақ	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
12	Жайылым	800	Созақ	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	49
13	Жайылым	560	Созақ	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды саздық	7,0	мал шаруашылығы	49
14	Жайылым	1500	Қаратау	Жеңіл солтүстік сұр, дамымаған, жеңіл сазды	5,0	мал шаруашылығы	49

(Жалғасы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

15	Жайылым	2000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
16	Жайылым	3500	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
17	Жайылым	1000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
18	Жайылым	50	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
19	Жайылым	1000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
20	Жайылым	1000	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
21	Жайылым	150	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
22	Жайылым	850	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
23	Жайылым	1000	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
24	Жайылым	1000	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	49
25	Жайылым	1000	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
26	Жайылым	560	Қарақұр	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
27	Жайылым	4000	Қарақұр	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
28	Жайылым	300	Жартытөбе	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	6,0	мал шаруашылығы	49
29	Жайылым	401	Жартытөбе	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	49
30	Суармалы егістік	4,365	Жартытөбе	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	42,0	егін шаруашылығы	49
31	Суармалы егістік	4,465	Жартытөбе	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	42,0	егін шаруашылығы	49
32	Жайылым	300	Жартытөбе	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	16,0	мал шаруашылығы	49
33	Жайылым	490	Қымкент	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49

Суармалы егістік 14,63га, жайылым 31249га: Барлығы 31263,63 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

## Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді

### Балаларды қараусыз қалдырмайық!

Баланың аты - бала. Жетіге келгенше жерден таяқ жеп, көп ұрына-тын баланың қауіпсіздігі үшін қай ата-ананың жүрегі ауырмасын?! Жазым деген аяқ астында, абай болмаса, іс-қимылы жылдам баланың соқтықпайтыны жоқ. Күні бойы үйде болсаңыз да бала қауіпсіздігіне арналған бірнеше кеңесті назарда ұстауға тиіссіз. Әйтпесе...

Әйтпесе, өкінішті жағдайға ұласары анық. Ал оны ешкім де қаламайды. Терезеден құлау балалардың жарақаттануы мен қаза болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады, әсіресе қалаларда. Жаратылысынан бәрін білуге құштарлығына байланысты балалар ашық терезеге өте осал. Балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты апаттың алдын алу үшін, келесі ережелерді сақтау керек:

Үй терезесі  
Пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде, баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз. Мүмкіндігінше, терезелерді (желдеткіштерді) төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз.

Бала терезені өз бетінше аша алмайтындай етіп терезелерге блокираторлар (арнайы бекіткіштер) орна-

тыңыз.  
Баланың балконға ересектердің қараусыз шығуына жол бермеңіз.

Ас үйдегі плита  
Барлық табалардың тұтқаларын плитаның артқы жағына қарай бұрып қойыңыз.

Плитаны қосқанда шамын жағып қойыңыз және баланы да осыған сендіріңіз. Қосылған шамды қолмен ұстауға болмайтындығын ескертіңіз. Плита суымайынша шамды өшірмеңіз.

Плитаның тұтқасын алып тастаңыз, егер жасай алсаңыз оны бала өзі бұрамау үшін желімтек лентамен жауып тастаңыз.

Балалардың көзінше тамақты дайындағанда ылғи да таймерді қолданыңыз. Балалар көңіліңізді аударып, сіз ұмытып кетуіңіз мүмкін. Нәтижесінде ас күйіп кетеді, өрт шығып кету қаупі бар.

**Мағжан ӨСКЕН,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**  
**Б.АЛИЕВ,**  
**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

Үйде, жұмыста, кинода, театрда, көлікте және көшеде болған кездегі жер сілкінуге алдын ала іс-қимылдар жоспарлап алыңыз. Отбасы мүшелеріне жер сілкіну кезінде не істеу керектігін түсіндіріп және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін үйретіңіз.

Құжаттарды, ақша, қалта шамын және қосымша батареяларды ыңғай-

Егер Сіз еріксіз бөлмеде қалып қойсаңыз, қауіпсіз жерге тұрыңыз: ішкі қабырғада, бұрышта, ішкі қабырға ойығында. Мүмкіндік болса үстелдің астына тығылыңыз – ол Сізді құлаған заттар мен сынықтардан қорғайды. Терезелер мен ауыр жиһаздардан аулақ тұрыңыз. Егер де Сіздермен балалар болса – оларды өзіңізбен қалқалаңыз!

## Жер сілкінісіне қалай дайындалу керек?

лы жерде ұстаңыз. Бірнеше күнге жететін үйде ауыз су және консервілер қорын ұстаңыз. Кереуеттерді терезелер мен сыртқы қабырғалардан алып тастаңыз. Пәтердегі шкафтарды, сөрелерді және стеллаждарды бекітіп қойыңыз, жоғарғы сөрелер мен антресольтардан ауыр заттарды алып тастаңыз.

Қауіпті заттарды (улы химикаттарды, жеңіл тұтанатын сұйықтарды) жақсы оқшауланған сенімді жерде сақтаңыз. Қажет болған жағдайда электрді, газ бен суды өшіру үшін барлық тұрғындар рубильниктің, газ және су құбырларының магистралді крандарының қай жерде орналасқандығын білуі тиіс.

**Жер сілкіну кезінде қалай әрекет жасау керек?**

Гимараттың тербелгенін сезген соң, шамдардың шайқалғанын, заттардың құлағанын көрген соң, үдеп келе жатқан шуды сыңған шынының сыңғырын естіген соң байбалам салмаңыз (бірінші дүмпүлерді сезгеннен бастап гимарат үшін қауіпті тербелістерге дейін Сізде 15-20 секунд уақытыңыз бар). Жылдам құжаттарды, ақша және қажетті заттарды алып гимараттан шығыңыз. Жайлардан шыққан кезде лифтіні пайдаланбай басқышпен түсіңіз. Көшеге шыққаннан кейін гимараттардан алшақтау, ашық кеңістікке барыңыз. Сабырлық сақтап, өзгелерді де тыныштандыруға тырысыңыз!

Тұтатқыштарды, сіріңкені, шамдарды қолданбаңыз – газ ағып кетсе өрт шығу мүмкіндігі бар. Балқондардан, карнизден, парапеттен алшақ тұрып, жұлынған сымдардан сақтаныңыз.

Егер де Сіз автомобильде болсаңыз, дүмпүлер тоқтағанға дейін автомобильден шықпай ашық жерде болыңыз. Басқа адамдарды құтқару кезінде көмек көрсетуге дайын болыңыз.

**Жер сілкінісінен кейін не істеу керек?**

Мұқтаждарға алғашқы көмек көрсетіңіз. Жеңіл алынатын үйінділерге түскендерді босатыңыз. Абай болыңыз! Балалардың, науқастар мен қарттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз. Оларды тыныштандырыңыз. Аса қажетсіз телефонды пайдаланбаңыз. Радиохабарды қосыңыз. Жергілікті билік, табиғи зілзала зардаптарын жою бойынша штабтың нұсқауларына бағыныңыз.

**Ә.БАҚЫТБЕКҰЛЫ,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.**  
**Е.ТОҒАНБАЙ,**

**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**  
**Б.АЛИЕВ,**  
**Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

### Жұмақтан болсын мекенің

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жан, қимас бауыр **Қоңырбайқызы Злиха** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Бақыт шамын жақтып ана баршаға, Жылу тапты ұл-қызың да қаншама. Әруағыңа құрмет тұтып ас бермек, Ниетіміз бар еді ана баршаға,** - деп, асыл анамыз Злиха Қоңырбайқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 22 шілде күні (21 шілде күні – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолаққорған ауылы, Е.Ембергенов көшесіндегі №3 үйде сағат 18:00-де беріледі.

**Асқа шақырушылар: қызы - Файнижамал, немерелері - Рүстем мен Дастан.**





## Бәйге! Бәйге! Бәйге! ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ АТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

### Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Қазақ халқының біртуар ұлы, ақын, жырау, жыр сүлейі Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестігінің құрылғанына 30 жыл толуына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талаптанyp келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жастан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Құлыншақ Кемелұлына бір арнау өлең және Созақ ауданында ғұмыр кешіп шығармашылықпен айналысқан ақын-жазушылардың, сазгерлердің рухына арнап бір өлең арнаулы тиіс. Ол азаматтар қатарында Бөрғазының Өскені, Жеңіс Қарғабаяв, Сағынтай Байділдаев, Қазыбек Мыңжанов, Ескермес Жақсымбетов, Әділбек Нысанбаев, Қыдырәлі Ахметов сияқты шығармашылық өкілдері атынан номинациялар белгіленеді.

Сонымен қатар, Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын иелері «Құлыншақ Кемелұлы атындағы сыйлықтың иегері» деген төсбелгімен және арнайы сыйлықтармен марапатталады. Байқау 2023 жылдың тамыз айының ішінде өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келулеріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киімі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары және шығармаларын кешіктірмей да ескерілетін болады.

Шығармалартамыз айының 10 жұлдызына дейін кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды бірлестік жанынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

Құлыншақ Кемелұлының атындағы шығармашылық бірлестігі.

Байланыс телефондары: 8-701-284-85-22, 8-702-782-25-69  
Sozak\_kargabay@mail.ru.

## Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай өтетін жыр мұшайрасы

### Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талаптанyp келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бәйгенің басты мақсаты ақын Бөрғазының Өскені шығармаларын жас ұрпақ пен аудан жұртшылығына кеңінен насихаттау болып табылады. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жастан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Өскен Бөрғазыұлына бір арнау өлең және ақын шығармашылығынан бір өлеңді жатқа мәнерлеп айту.

Сонымен қатар, Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын иелері арнайы ақшалай және заттай сыйлықтармен марапатталады. Мұшайра 2023 жылдың тамыз айының 12-ші жұлдызында Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келулеріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киім киісі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары ескерілетін болады.

Шығармалар тамыз айының 10 жұлдызына дейін кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды бірлестік жанынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

Ұйымдастыру алқасы  
Көштенұлы Өсербай інісі  
Өскенұлы Бағлан ұлы  
Байланыс телефондары: 8-701-289-21-04, 8-702-782-25-69.  
Sozak\_kargabay@mail.ru.

## Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

**Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 3 тамыз күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.**

1. Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдау.  
2. Аудандық полиция бөлімінің «Зандылықты қамта-

масыз ету және адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын сақтау» мәселелері бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдау.

3. «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің» атқарылып жатқан жұмыстары және қысқа дайындық, газ, жол жөндеу мәселелері туралы есебін тыңдау.

4. Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық

бақылау басқармасының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

5. «Қазсушар» РМК ТФ Созақ өндірістік бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

6. Басқада мәселелер.  
Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 3 тамыз күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

**М.САПАРОВ,  
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.**

## Жемқорлық-мемлекеттің имиджіне кері әсер етеді

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз—мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар, жеке сектордың басшылары өз қызмет бабын жеке басының мүддесі немесе басқа адамдардың мүддесі үшін пайдаланғанда қоғамды да, мемлекетті де бұзатын әлеуметтік құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек уәкілді органдар ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты—мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттары қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Сыбайлас жемқорлық—адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттерде тамырын тереңге жіберген. Сон-

дықтан онымен күресу, тоқтаусыз, барынша қатал әрі нәтижелі түрде жүргізілуі тиіс. Жемқорлықпен күрес кез келген қоғам үшін әрқашан өзекті әрі ғаламдық мәселе болып отыр. Ал, онымен күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе, бұл серпінді дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық еліміздің әлеуметтік — экономикалық дамуына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс екені анық.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдарын және оның алдын-алу, жол бермеу мәселелері бойынша тек қана газет беттерін оқып уақытыша ойға берілмей, нақты бір шешім қабылдап, елдің дамуы үшін алға мақсат қып қойып, сол үшін аянбай еңбек етейік!

**Е.МАНАПОВ,  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, подполковник.**

## Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықта-

ры мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қыз-

метшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Салтанат КОШБАЕВА,  
аудандық ХҚҚО бас маманы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.